

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ

*Какимова М.Ш., з.э.к., доцент, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі*

*Боранкул Н., заң факультетінің 2 курс магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Құқықтық қатынас — бұл субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер арқылы пайда болатын адамдар, ұйымдар, мемлекеттік органдар арасындағы байланыс. Құқықтық нормалардың талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекет қоғамдағы заңдылық пен тәртіптіде жақсартуға мүмкіншілік жасайды.

Құқықтық қатынастың субъектісі — жеке адам және заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады (ҚР АҚ, 12 бап).[1]. Қатынастың субъектісі болу үшін олардың құқықтық қабілеті және әрекеттілігі қалыптасуы керек. Құқықтық қабілет - құқыққа бостандықтар мен міндеттерге ие болу қабілеті. Құқықтық қабілет адам туған сәттен басталып, өлгенде аяқталады.

Азаматтың құқық қабілеттілігінің мазмұны мынада: оның Қазақстан Республикасы шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасын меншіктенуге; мүлікті мұраға алып, мұраға қалдыруға; республика аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер таңдауға; республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп заңды тұлғалар құру; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып міндеттемелерге қатысу; өнертабыстарға, ғылым, әдеби шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады; басқа да мүліктік және жеке құқықтары болады (АҚ, 14-бап).[1].

Әрекеттілік (дееспособность) — адамның өз әрекетімен құқығын пайдалана алу және оны жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер тудырып, оларды орындау қабілеті. Әрекеттіктің басты шарты кәмелеттік немесе құқықтық нормада белгілі жасқа толу болып табылады.

Құқықтық субъектіліктің (әрекеттіліктің) адамның тәртіп бұзғаны үшін заңдылық жауапқа тартылу жағдайына байланысты бөлігі: құқықтық жауаптылық мүмкіндігі (деликтоспособность) деп аталады. Бұл мүмкіндік Республиканың қылмысты істер заңы бойынша он алты жасқа толғаннан басталады. Ал, ауыр қылмыстар (кісі өлтіру, зорлау...) жасаған жағдайда он төрт жасқа басталады.

Құқықтық субъектіліктің (әрекеттіліктің) шарттар жасап басқа да келісімдер жүргізуге негіз болатын мүмкіндігі келісім қабілеттілігі деп аталады. Толық әрекеттілігі жоқ адамдар шектеулі келісім қабілетіне ие болады. Кәмелетке толмаған он төрт жасқа дейінгілер үшін келісімді олардың атынан ата-аналары, асырап алушылары, не қамқоршылары жасайды. Құқықтық қабілеттілік пен әрекеттілікке заң актілерінде қарастырылған тәртіп пен жағдайларда ғана болмаса, ешкімге шектеу қойылмайды. Адамдардың әрекеттілігіне бірнеше шектеулер қойылады:

- кәмелеттік жасқа толмаған адамдардың, үйленуге (жанұя құруға), қылмыстық жауапкершілікке тартылуына, жұмысқа орналасуына, әскер қатарына шақырылуына шектеулер бар. Оларды бұзуға тыйым салынған (шектеудің түрлері):

- адамдардың денсаулығының нашар болуы;
- туыскандық-қандас болу;
- егерде азамат сотталған болса;
- діни нормаларға шектеу,[2, 78].

Шет елдің азаматтары толық құқықты, тек олар сайлауға қатысуға, сайлануға, әскер қатарына шақырылуға құқығы жоқ.

Заңды тұлғалар: мемлекет, мемлекеттік аппарат-мекемелер, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, одақтар, ұйымдар, ұжымдар заңды түрде құрылып, бекітілсе, тіркелсе толық түрде құқықтық қабілеті мен әрекеттілігі бар деп саналады, оның шеңбері олардың ережелері мен Уставында толық көрсетілуге тиіс. Соған сәйкес олар жұмыс жасайды. "Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады". (АҚ, 33 бап).[1]

Құқық қатынастарының субъектілері дегеніміз тиісті субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерге иелі құқық қатынастарына қатысушылар. Мысалы, отбасы құқық қатынастарда ерлі-зайыпты - ері мен әйелі. Құқық қатынастарына жеке адамдар мен бірлестіктер, ұйымдар, т.б. түсе алады. Осыған сәйкес қатынастардың екі негізгі субъекті түрлерінің бар екендігін біле аламыз:

1) жеке тұлға - құқық қатынастарының жеке, дара қатысушылары, яғни адамдар. Жеке тұлға болып Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар (апатридтер) ұғынылады. Кейбір елдерде (айталық, Ресейде осылармен бірге қос азаматтығына (бипатридтерге) иелі адамдар да жатады.

Мемлекеттің азаматтығы және қос азаматтығы бар адамдар ұлттық заңдарда көзделген нақтылы мемлекеттің аумағында барлық кез келген қатынастарға түсе алады. Ал шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар да мемлекеттің азаматы сияқты құқық қатынастарында құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттігіне ие болуға хақылы, бірақ оларға кейбір шектеулер қойылады, мысалы, сайлауға не сайлануға (Парламент депутаттығына), мемлекет белгілі бір қызметті атқаруға т.б. болмайтындығы. Сөйтіп, бұлардың жағдайында азаматтарға қарағанда өзгешелеу болып келеді.

Азаматтар қазақстан заңдарына сәйкес заңды тұлға құрмай-ақ мемлекеттік тіркеуге тұрған кезден бастап кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы бар. Оған жататындар: 1) шаруа (фермер) қожалығы құрамындағы; 2) мердігерлік шарт және өзге де азаматтық-құқықтық шаралар негізінде бір жолғы жұмыс атқаратын; 3) көтерме және бөлшек сауда желісінен басқа өздеріне тиесілі мүлікті, сондай-ақ өңделген, сатып алынған өнімдерді оған қоса импорттық өнеркәсіптік және азық-түлік тауарларын сол үшін арнайы бөлінген жерлерде немесе комиссиялық дүкендер арқылы сатумен айналысатын азаматтар. Мұндай азаматтар кәсіпкерлік қызметті сатып алынған патент негізінде атқарады. Патент сонымен қатар азаматты кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және патентте көзделген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензия болып табылады. Демек, мұндай жағдайда азаматтардың әрекет қабілеттілігі патент алғаннан кейін басталады.

Азаматтар заң рұқсат беретін өзге де лауазымды қызметтерді атқаруы мүмкін (айталық, мұғалімдік, ғылыми қызметкерлік, т.б.).

Құқық қабілеттіліктің мынадай түрлері болады: жалпы (заңда көзделген кез келген құқықтар мен міндеттерге ие болу мүмкіншілігі), салалық (қандай да болмасын құқық саласындағы құқық пен міндеттерді қабылдап алу мүмкіншілігі) және арнаулы (лауазымдық, кәсіпкерлік), яғни арнайы білімді, іскерлікті немесе талантты талап ететін қабілеттілігі судьялар, дәрігерлер, т.б.). [3, 84].

Жеке тұлғаның құқық қабілеттілігінен әрекет қабілеттілігінің өзгешелігі сол соңғысы белгілі бір жасқа жеткенде ғана туындайды. Осыларды бір-бірінен ажырату қажеттілігі жеке тұлға үшін өте маңызды. Өйткені ұйымдардың әрекет қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігі бір-бірінен ажыратылмайды (бұл туралы төменде айтылады).

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз олардың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі.

Құқық салаларында жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігінің басталу мәселесі әртүрлі шешілген. Сондықтан Қазақстан азаматтық заңдарында әрекет қабілеттіліктің мынадай түрлері белгіленген: 1) толық (18 жастан), жартылай (14 жасқа дейінгі сәбилер үшін мәмілелерді, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, олардың атынан ата-анасы, асырап алушылары немесе қорғаушылары жасайды, бұлар өздерінің жасына лайықты, жасай салып орындалатын тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы; 14 жастан 8 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мәмілелер ата-анасының, асырап алушыларының немесе қорғаушыларының келісімімен жасайды. Олар өздерінің табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өздері жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік етуге, сондай-ақ тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасауға құқылы). Бірақ, жеткілікті негіздер болған жағдайда мынадай құқықтардан шектелінуі немесе айырылуы мүмкін. Сонымен бірге спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшырататын азаматтың әрекет қабілеттілігі сот Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіп бойынша шектеуі мүмкін. Оған қамқоршы белгіленеді. Ол тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Басқа мәмілелерді жасауды, сондай-ақ табысын, зейнетақысын және өзге де кірістерін алуды және оларға билік етуді ол тек қамқоршысының келісімімен ғана жүзеге асыра алады. Егер азамат мұндай іс-әрекетті тоқтатқан жағдайда қойылған шектеудің күші жойылады.

Қылмыстық құқықта құқық бұзушылық, жасағаны үшін жауаптылық құқық бұзушылықтың ауыр зардаптарына байланысты айқындалады. Құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауап бере алатын қабілетін деликтоқабілеттілік деп атайды. Қылмыс жасаған кезде 16 жасқа толған адам қылмыстық жауапқа тартылады, ал өте ауыр қылмыс жасағандар 14 жастан бастап жауапты болады (кісі өлтірген; денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірген, зорлаған, адамды ұрлаған және т.б.) [4, 27].

Отбасылық құқықта некелесуге ұл балалар үшін де, қыздарға да — 18 жас белгіленген. Бірақ, кейбір өмір жағдайларына байланысты дәлелді себептері болған жағдайда азаматтық хал актілерін жазу органдары екі жылға дейін мерзімге шегере алады.

Еңбек құқығында әрекет қабілеттілігі бойынша жеке еңбек шартын 16 жасқа толған адамдармен жасауға жол беріледі. Орта білім алған не жалпы білім беретін оқу орнын тастап кеткен жағдайда 15 жасқа толған адамдар ата-анасының немесе қорғаушының, қамқоршысының келісімімен жеке еңбек шартын жасаса алады. Ата-анасының бірінің (қорғаушының, қамқоршысының) келісімімен жеке еңбек шарты оқудан бос уақытында денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін 14 жасқа толған оқушымен жасалуы мүмкін. Бұл орайда, ата-ана (қорғаушы, қамқоршы) кәмелетке толмаған адаммен бірге жеке еңбек шартына қол қояды.

Өзге құқық салаларының нормаларында жеке тұлғаның құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі бір мезгілде, белгілі жасқа жеткенде туындауы мүмкін.

Демек, жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігінің мынадай үш түрі бар екендігін білдік: толық (18 жастан бастап), толық емес (14 жасқа дейінгі сәбилер, 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар) және шектеулі (сот шешімімен әрекет қабілеттілігінен шектелінген адам - ішімдікке салынғандар, нашакорлар).

Заң құжаттарында көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімнің де құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды. Азаматтардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеудің заң құжаттарында белгіленген шарттары мен тәртібінің немесе олардың кәсіпкерлік не өзге де қызметпен айналысу құқығының сақталмауы тиісті шектеуді белгілеген мемлекеттік немесе өзге де органның құжатын жарамсыз деп тануға әкеліп соқтырады (АК, 18-бап);

2) ұжымдық субъектілер (заңды тұлға) — адамдардың әртүрлі бірлестігі. Оған жататындар: мемлекеттік емес ұйымдар (жекешеленген фирмалар, коммерциялық банкілер, қоғамдық бірлестіктер, шаруашылық серіктестік және т.б.): мемлекеттік мекеме, кәсіпорын және ұйымдар; мемлекет (халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде).[5, 33].

Мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен міндеттерін іс жүзіне асырған кезде ұжымдар заңды тұлғалардың құқықтарына ие бола алады. Мемлекеттік ұйымдардың қатарына ерекшеленген мемлекеттік органдар жатады. Олар мемлекеттің функциясын іске асырған кезде, әрине, заңды тұлға болып саналмай, өйткені, мемлекеттік билікті өкіліттілікке иелі ретінде танылады.

Ұйымдар құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігіне мемлекеттік тіркеуден өткен кезден, немесе осы ұйымның Жарғысы не Ережесі бекітілгеннен бастап ие болады. Айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі сондай лицензияны алған кезден бастап пайда болып, ол қайтарып алынған, оның қолданылу мерзімі өткен немесе заң құжаттарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

Мемлекеттің өзі де құқық субъектісі бола алады (халықаралық құқықтық қатынастарда конституциялық құқықтық қатынастарда, азаматтық, қылмыстық құқықтық қатынастарда).

Сонымен қатар, ұжымдық (заңды тұлға) құқықтық субъектілерінің түрлеріне мыналарда кіреді: 1) өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым); 2) не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған пайдасын қатысушыларына үлестірмейтін коммерциялық емес ұйым мемлекеттік кәсіпорын мекеме, шаруашылық серіктестік, өндірістік, кооператив, тұтыну кооперативі, қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер; 3) әкімшілік-аумақтық бөліністер, 4) сайлау округтері; 5) шет ел фирмалары, кәсіпорындары, банкілер [6, 91].

Ұжымдық субъектілер мынадай жағдайларда құқықтық қатынастарға құқық субъектісі ретінде қатыса алады: 1) билік өкілеттілігін іс жүзіне асыруға; 2) қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-саяси өміріне қатысуға; 3) шаруашылық және мүліктік қызметін жүзеге асыруға байланысты [7, 106].

Бәрімізге мәлім болғандай, адамдар мен органдар құқық қатынастарына қатысу үшін заңда танылған және белгіленген ретте белгілі бір қасиетке ие болулары тиіс. Осындай қасиеттердің жиынтығы келіп адамның немесе ұйымның құқықсубъектілігін құрайды. Демек, құқықсубъектілік дегеніміз құқықсубъектісі болу қабілеттілігі. Жеке адамның (тұлғаның) құқықсубъектілігінің құрамына құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі және деликтқабілеттілігі (яғни құқық бұзушылық жасағаны үшін адамның құқықтық жауапкершілікті мойындау қабілеттілігі) кіреді.

Қазақстанда құқықтық мемлекетті қалыптастыру үшін құқықтық қатынастың жақсы дамуына әртүрлі жағдайлар мен бағдарламалар жасалынып жатыр. Қоғамдағы кез-келген қатынас немесе құбылыс болсын құқықтық қатынас арқылы қалыптасады және жекелеген топтардың құқықтық қатынасты қаншалықты дәрежеде, осыған сәйкес осы қатынастарды шешу жолдары ұсынылып отыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. 27.12.1994 ж. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>
2. Слепнев А.В. Государство как субъект правоотношений. – М., 2009. -104 с
3. Гревцов Ю.И. Проблемы теории правового отношения. - Владимир, 2005. - 166 с.
4. Протасов В. Н. Правоотношение как система.- М., 1991.- 84 с
5. Раимбеков Е. Понятие правовых отношений и их виды. // Фемида. - 2001. - №10.-С.53
6. Сапарғалиев Г.С., Ибраева А.С. Мемлекет пен құқық теориясы - Алматы: Жеті жарғы, 1998.-168 б.
7. Халфина Р.О. Общее учение о правоотношении. – М., 1974. - 352 с.

### **ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА И ПРАВ ЧЕЛОВЕКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*Турлаев А.В., к.ю.н., профессор кафедры теории и истории государства и права  
Беркендина Д.К., магистрант юридического факультета, КарГУ им. академика Е.А.Букетова*

В настоящее время развитие основных институтов общества и государства носит стратегический и планомерный характер. Основные направления развития институтов гражданского общества в Республике Казахстан закреплены в Концепции развития гражданского общества в Республике Казахстан на 2006-2011 годы, которая одобрена Указом Президента Республики Казахстан от 25 июля 2006 года. Эта концепция определяет основные направления развития институтов гражданского общества и возможности реализации гражданских инициатив. Она является основой для разработки целевых программ, законодательных и других нормативных правовых актов, нацеленных на создание благоприятных условий для функционирования институтов гражданского общества [1]. При этом, следует отметить, что несмотря на то, что действие этой концепции, с формальной стороны закончилось в 2011 году, в настоящее время эту концепцию можно рассматривать в качестве базового политико-правового акта в сфере развития институтов гражданского общества.

В современных условиях обозначился ряд проблемных вопросов, связанных не только с дальнейшим ростом институтов гражданского общества, но и вызовами, которые способствуют вовлечению страны в процессы мировой глобализации. Следует отметить, что дальнейшее развитие гражданского общества в Казахстане, имеет характерные особенности, они есть у каждого института гражданского общества. Эти особенности являются сплетением проблем различного уровня в разных сегментах гражданского общества, требующих своего решения. В первую очередь это вопросы равноправного гражданского партнерства некоммерческих организаций с государственными органами. Требуется совершенствования механизма реализации государственного социального заказа для повышения прозрачности конкурсных процедур и участия некоммерческих организаций в определении необходимых на данном этапе программ и проектов. Неравномерно развиваются некоммерческие организации в регионах, особенно в сельской местности. Порядок регистрации усложнен и имеет разрешительный характер, завышен размер регистрационного сбора, не урегулирован вопрос о статусе неформальных объединений граждан без образования юридического лица. Бизнес-структуры слабо участвуют в финансовой